

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 70 (9132) | 1953 жылғы 5 апрель Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын

Көктемгі егіске тыңғылықты әзірлікпен кірісейік

Бұл жылының қар еріп жатыр. Енді біраз күндерден кейін облысымыздың колхоздары мен совхоздарында егіс жұмыстары басталады. Бұл — егістің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алып, елімізде азық-түлік молшылығын жасау күресіндегі аса жауапты кезең. Өйткені, үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығын өркендетуде зор табыстарға жету едәуір дәрежеде көктемгі дала жұмыстарын ұйымшылдықпен бастап, агротехникалық қолайлы мерзімде өткізуге, егіс жоспарын әрбір дақыл бойынша толық орындауға тығыз байланысты.

Егістің барлық көлемінен тұрақты мол өнім алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздары көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын тыңғылықты аяқтауда. Мысалы, Преснов ауданындағы Маленков атындағы, Ленин ауданындағы «Бұлақ», Полудень ауданындағы Сталин атындағы, Совет ауданындағы Каганович атындағы колхоздар егіс жұмыстарына барлық жағынан әзір отыр. Бұларда егіске сапалы тұқым мол күйімен, себу дәрежесіне жеткізілген. Сол сияқты, ауылшаруашылық құрал-саймандары үлгілі жөндеуден өткен.

Дегенмен, облысты тұтас алғанда көктемгі егіске әзірліктің жайы өте қанағаттанғысыз болып отыр. Көктем егісінде машина-трактор паркі шешуші күш болып табылады. Коммунистік партия мен Совет Үкметі МТС-терді нығайту, колхоз өндірісін одап әрі өркендетуде оның ұйымдастырушылық ролін арттыра беру жөнінде үздіксіз қамқорлық жасап келеді. Біздің облысымыздың МТС-тері советтік озағ техникамен жылма-жыл мол жабықталуда. Оларда маман механизаторлар кадрлары өсіп жетіліп келеді. Бұл — МТС-тердің барлық ауылшаруашылық жұмыстарын қолайлы мерзімде ойдағыдай атқаруға толық мүмкіншілігі бар деген сөз. Олай болса, міндет — машина-трактор паркінің дала жұмыстарына тыңғылықты әзірлеуде, оның қуатының толық пайдаланылуын қамтамасыз

жағдайда. Мәселен, Молотов атындағы, «Новый путь», «Игілік» колхоздарында егіске әзірлік мүлде бетімен жіберілген. Бұларда ауылшаруашылық құрал-саймандары баяу жөндеуде, егіске қажетті тұқым қорын тазалау, өңгіштік санаға жеткізу ісі нашар ұйымдастырылған. Егіске әзірліктегі мұндай маңызды жұмыстарға қолда бар күш-мүмкіншіліктер тиімсіз пайдаланылуда. Ал, аудандық ауылшаруашылық бөлімі (менгерушісі Малеткин жолдас) мұндай олқылықтарды дереу жоюға, егіске әзірлікті мерзімінде және сапалы аяқтауды ұйымдастырудан тыс қалып келеді. Бөлім қызметкерлерінің көктемгі егіске әзірлікке басшылығы өте қанағаттанғысыз. Олар шаруашылыққа істің мән-жайын жете білмей, үстірт басшылық жасайды. Мұның ақыры ауданда егіске әзірліктің ойсыраған олқылыққа ұшырауына әкеліп соғып отыр.

Егіске әзірлік совхоздарда да тиімсіз дәрежеде емес. Мұнда, әсіресе, машина-трактор паркінің дала жұмыстарына әзірлеу баяу жүргізіліп келеді. Трактор жөндеуде Чистов, Қызыл, Киров атындағы, Ұзынкөл сияқты астық совхоздары кешіргісіз артта қалып қойды.

Енді біраз күндерден кейін егіс жұмыстары басталады дедік. Олай болса, партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының және МТС, колхоз, совхоз басшыларының негізгі міндеті — егіске әзірліктегі кемшіліктерді дереу жойып, оны таяудағы күндердің ішінде аяқтауды, сөйтіп, техника және еңбек ресурстарын дұрыс пайдаланып, көктемгі ауылшаруашылық жұмыстарын агротехникалық қолайлы мерзімде өткізуді қамтамасыз ету болып табылады. Әрбір МТС, колхоз бен совхоз егіске әзірлікті табысты аяқтап, дала жұмыстарына ұйымшылдықпен кірісуге тиіс. Ол үшін ең алдымен МТС-тер мен совхоздарда тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары толық және сапалы жөнделіп, олардың егіс кезінде өнімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілсін.

Көктемгі егістің агротехникалық қолай-

Тракторларды көктемгі егіске толық әзірлеу — кәзіргі кезек күттірмейтін міндет

Егіске әзірлік күннен-күнге қыза түсуде

Бұл күндері Жамбыл атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) № 2 бригадасында көктемгі егіске әзірлік жұмыстары қыза түсуде. Жұмыстың бұл саласында колхозшылар өнімді еңбек етіп жүр.

Мұнда, әсіресе, тұқым тазалаушылар өздерінің үлгілі істерімен көзге түсулі. Мәселен, Н. Жиентаева, З. Сарсебаева жолдасстар тұқым тазалауда үздік алға келеді. Бұлар сменалық тапсырманы ұдайы асыра орындайды.

Тұқым тазалаушылардың қажырлы еңбегі нәтижесінде көзір бригаданда 980 центнер бидай, 350 центнер сулы дақылдарының тұқымы тазаланып, өңгіштік санаға жеткізілді.

Ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеуде де көп жұмыс істелді. Демек, бұл колхозда егіске керекті сайман жеткілікті.

Қ. КУЗЕНБАЕВ,
Ч. ТӨЛЕГЕНОВ.

Өткен жылы Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері егіс даласында тракторлар мен комбайндар қалтқысыз жұмыс істеді. Осының нәтижесінде колхозда ауылшаруашылық жұмыстары тыңғылықты жүргізілді. Егін ырапсыз жыйналып, астық мол алынды.

Үстіміздегі жылы да колхозда дала жұмыстары түгелдей механика күшімен атқарылақ. Тракторлар мен комбайндарды жүргізетіндер — маман механизаторлар. Механизаторлар даярлауда колхоз МТС-ке жылма-жыл көмектесіп отырады. Быйылғы жылдың өзінде колхоздан бірнеше адам механизация мектептері мен МТС жанындағы курстарда тракторшы, комбайншы мамандығына оқып, даярлануда.

Барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алудың шешуші кезеңі — көктемгі егістің басталуына санаулы ғана күндер қалды.

Колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері! Егіске әзірлік жұмыстарын тез және сапалы аяқтау ісіне барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдырайық!

Трактор жөндеу нелікпен кешеуілдептіліп отыр

Полудень аудандық партия комитеті өзінің 17 февральда болып өткен пленумында аудан МТС-терінің жұмысын талқылап, көктемгі егіске әзірлікті үлгілі аяқтау жөнінде қаулы қабылдады. Онда трактор жөндеу 20 мартта толық аяқталсын делінді. Алайда, мұнда трактор жөндеу қарқыны өте баяу. Өйткені, бұл жұмысқа қолдағы күш-мүмкіншіліктер нашар жұмылдырылып келеді. Соның салдарынан аудан МТС-терінде көктемгі егіс жақындап қалса да, ондаған тракторлар жөндеуден өтпей тұр. Мұны аудан орталығындағы Полудень МТС-нің жұмысшылар ақ көруге болады. Бұл МТС-тің басшылары (директоры Кравцун жолдас) трактор жөндеуге ішкі мүмкіншіліктерді дұрыс пайдалана алмай жүр. Мастерскойда еңбек өнімділігі өте төмен. Еңбек қарқынының баяулығын МТС басшылары керекті бөлшектердің жетіспеуінен деп дәлелдейді. Шынында трактор жөндеуде арта қалушылықтың сыры, қосалқы бөлшектердің жоқтығында емес, еңбек ұйымдастыру ісінің жолға қойылмағандығында.

Мастерской менгерушісі Кузнецов жолдас жөндеушілерге тапсырманы мезгілімен беріп, оның орындалуын қадағалап, талып етіп отырмайды. Механизаторлардың біразы осы себептен күнбе-күнгі тапсырмаларын орындай алмай жүр. Мәселен, слесарь Яковсон жолдас күндік норманы 40—45 процент ғана орындайды. Мотор жөндеуші Найворт, токарь Жойдык жолдасстар да сменалық норманы 70—80 проценттен ғана орындайды.

Құрастыру цехында механизаторлардың жеткіліксіздігінен бөлшектері түгел жөндеген тракторлардың өзі баяу жыйналады. Мезгілінде жөндеуіп шықпайды. № 83 ХТЗ тракторы график бойынша 20 мартта жөнделіп болуға тиіс еді. Жоғарыдағыдай себеппен бұл трактор әлі күнге дейін жөндеуден өтпеген. Мұндай фактілер бұл МТС-тен жиі кездеседі.

Тракторлардың жөндеу сапасы төмен. МТС механиктері тракторлардың әрбір бөлшегінің сапалы жөндеуін жұмыс үстінде бақылап отырмайды. Міне, осыдан тракторлар сапасыз жөнделіп, қайыра жөндеуге қойылып жүр. Осымен бірге, МТС-те тракторларға тозығы жеткен және сапасыз жөндеген бөлшектер қойылады. № 102 ХТЗ тракторына сапасыз жөндеген радиатор қойылған. Осы сияқты № 28 ДТ—54, № 103 ХТЗ тракторларының біреуіне бөлшектері сапасыз жөндеген.

Егіс жұмыстарының басталуына аз-ақ күн қалса да, МТС-те тракторларды жөндеу ісі кешіргісіз баяу жүргізіліп отыр. Мұнда әлі күнге дейін 18 трактор жөндемей тұр. Олардың тең жартысы — шынжыр табаңды тракторлар.

Егіс жұмыстарының агротехникалық қолайлы мерзімде өткізілуі машина-трактор паркі қуатының толық пайдаланылуына байланысты. Олай болса, аудан және МТС басшыларының тракторларды жөндеп, дала жұмыстарына әзірлеуді осы күнге дейін аяқтамауы төбешік жағдай.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Тракторлар сапалы жөнделсін

Петропавл МТС-інде (директоры Любарь жолдас) трактор жөндеу ісі баяу жүргізіліп келеді. Мұнда жұмыстың бұл учас-

теуден өтті деген СТЗ № 8 тракторының шпурлары мен шбақтарының, муфтасының сапасыз жөндегендігі, олардың дү-

Халықтық демократия елдерінде

Албанияда халықтық советтердің қызметі

ТИРАНА, 3 апрель. (СОТА). Жуырда Албанияда советтердің 1952 жылы атқарған қызметіне және 1953 жылдың міндеттерін талқылауға арналған аудандық халықтық советтердің жыйналыстары болып өтті. Халықтық советтер жергілікті өнеркәсіпті дамытуға, елді пункттерді көркейтуді, еңбекшілердің материалдық және мәдениет тұрмыс дәрежесін жақсартуға үлкен қамқорлық жасауда. Халықтық советтердің 1953 жылға жасалған бюджеті өткен жылмен салыстырғанда 30 процент артып, мөлшері 1.894.440 мың лек болған.

Халықтық советтердің көмегі және белсені қатысуының арқасында өткен жылы ұлттық жергілікті бюджеттің қаражатына жаңадан 35 су электр станциялары, 40 бастауыш мектеп, 17 жетіжылдық мектеп, 73 оқу үйі, әйелдер босанатын 8 үй, 16 балалар ясли, 84 амбулатория, 9 тіс дәрігерлерінің кабинеттері, тағы басқалар салынып, жер суару каналдарының ауданы ұлғайтылды.

Румынияда шахтерлерге қамқорлық

БУХАРЕСТ, 3 апрель. (СОТА). Румынияның халық үкметі шахтерлерге үлкен қамқорлық көрсетуде. Валя Жилуяо Урикань, Лупень, Петрила, Вулкин және басқа көмір бассейндерінің көптеген шахтерлер қалаларында кеншілер үшін жаңадан әдемі үйлер салынған. Бесжылдықтың аяғына дейін шахтерлер үшін бес мың пәтер және көптеген әлеуметтік мәдениет орындары салынып бітеді.

1950—1952 жылдардың ішінде Валя Жилуяо көмір бассейнінде мемлекеттік 64 магазин, 76 кооператив, тағы басқалар ашылды. Шахтерлердің нақтылы еңбек ақысының өсуі арқасында шахтерлер бірінші қажетті товарларды 1951 жылға

Атап айту керек, облыс МТС-терінде бұл міндет қанағаттанғысыз орындалуда. Партия ұйымдары мен совет, ауылшаруашылық органдары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу ісіне нашар басшылық жасап келеді. Мастерскойларда еңбек өнімділігі төмен, жөндеу жұмысының қарқыны өте баяу. Облыс МТС-терінде осы күнге дейін тракторлардың үштен біріне жуығы жөндеуден өткен жоқ. Көктемгі егіс таянып қалса да, бірде-бір МТС тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді аяқтамай отыр.

Әресе, Калинин атындағы, Николаевка, Боновалов, Чистяк, Пальчик атындағы МТС-тер тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуді өте ұзаққа созуда. Оларда жөндеу жұмысының қарқыны өткен жылғыдан да баяу, тракторларды жөндеу жоспары осы уақылға дейін жартылай ғана орындалды. Бұл МТС-терде еңбек нашар ұйымдастырылған. Механизаторлар жұмысқа толық қатыстырылмай келеді. Соның салдарынан тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеудің күндіз, бескүндік графигі ұдайы орындалмай жүр. Алайда, МТС басшылары жайбарақаттыққа салынып, машина-трактор паркын егіс жұмыстарына тынғылықты әзірлеудің тиісті шараларын қолданбай отыр.

Егіске әзірліктің жайы Совет ауданының колхоздары мен МТС-терінде өте-өте нашар. Ауданның Сартмар, Совет МТС-терінде тракторлар мен ауылшаруашылық саймандарын жөндеу өте баяу жүргізілуде. Бұларда тракторлардың үштен біріне жуығы жөндемей тұр. Егіске әзірлік бұл ауданның колхоздарында да төзгісіз

ты мерзімде, табысты өткізілуін кадрлар шешеді. Дала жұмыстары кезінде әрбір трактор бригадасын маман механизаторлармен жеткілікті толықтырып, тракторлардың екі сменамен жұмыс істеуін ұйымдастыру керек. Егіс және трактор бригадаларының құрамын толықтыру, оларға жұмыс жоспарын тағайындап беру жұмыстарын да үлгілі аяқтау қажет.

Сапалы тұқым—мол өнімнің негізі. Сондықтан әрбір колхоз бен совхоз егіс жұмыстары басталғанға дейін тұқым қорын жеткілікті дайындап, оны түгел егу дәрежесіне жеткізуге тиіс. Ал, облыста тұқым дайындау, әсіресе, оны тазалау егу сапасына жеткізу ісі тиісті дәрежеде емес. Тұқым тазалау әлі күнге дейін аяқталған жоқ. Бұл жөнінде Петропавл, Преснов, Совет аудандары артта қалып келеді. Совет ауданында қажетті сортты тұқымның жартысы да құйылып алынбаған.

Колхоз, МТС партия ұйымдарының алдында зор міндет тұр. Олар үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетіп, ауылшаруашылығы еңбекшілерін егіске әзірлікті үлгілі аяқтап, көктемгі ауылшаруашылық жұмыстарына ұйымшылдықпен кірісуге жұмылдыра білуге тиіс.

Аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет атқамдері әрбір колхоз, совхоз бен МТС-тің егіске әзірлік жайын жете тексеріп, әрбір шаруашылықтың дала жұмыстарына толық әзірлікпен кірісуін қамтамасыз ететін шешуші шаралар қолдануға тиіс.

Барлық күш-мүмкіншілік көктемгі егіске әзірлікті ойдағыдай аяқтап, оны агротехникалық қолайлы мерзімде өткізуге жұмылдырылсын

«Заря коммунизма» колхозының № 3 бригадасының мүшелері көктемгі егіске үлгілі әзірлік жүргізіп жатыр.

Ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеуде ағаш шебері М. Веднякин және ұста С. Левин жолдастар өздерінің үлгілі істерімен кезге түсулі. Олар күндіз норманы ұдайы асыра орындап жүр. Соның нәтижесінде кәзір бригадала 10 плуг, 52 тырма, 15 жәшікті арба, жеті әбзелдері және басқа да ауылшаруашылық құрал-саймандары жөнделіп, дала жұмыстарына әзір етілді.

1 Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасқан бригада мүшелері көктемгі егіске үлгілі әзірлікпен кіріскелі отыр.

И. МАХМЕТОВ.

інде елеулі кемшіліктерге жол берілеп. Жұмыстағы кемшілікке МТС басшылары тікелей кінәлі. Ең алдымен механиктер өзіне жүктелген жұмысқа немқетті қарады. Тракторлардың бөлшектері сапасыз жөндеген. Өйткені, мұнда жөндеу жұмысының сапасына басшылық нашар.

Жөндеу жұмысындағы бұл олқылықтар тексерісте анықталды. Көктемгі егіске әзірлікті тексеру жөніндегі комиссия жөндеген тракторлардан көп ақау тапты. Мәселен, тексерісте МТС-те толық жөн-

ды орнатылмағандығы анықталды. Мұндай ақаулар бірнеше тракторлардан табылды. Ол бөлшектер негізінен қайта жөндеуді керек етеді.

МТС басшылары трактор жөндеудің қарқынын арттырып, олардың көктемгі дала жұмыстарына толық әзір болуын қамтамасыз етуге міндетті. Егіске әзірлік енді ешқандай ырғалу-жырғалуды көтермейді. Трактордың әрбір бөлшегі сапалы жөнделетін болсын.

Е. ЖУЗЕНОВ.

Міндеттемені орындау күресі

Совет ауданындағы Ленин атындағы колхоздың мүшелері көктемгі егісті агротехникалық жоғары дәрежеде өткізіп, егістік участоктің әрбір гектарынан 100 пұттан өнім алуға міндеттенді. Колхозшылар міндеттемені мінсіз орындау үшін көктем-

гі егіске әзірлік жұмыстарын үлгілі аяқтауда.

Мұнда ауылшаруашылық құрал-саймандарынан 19 плуг, 11 селска, 96 тырма сапалы жөнделіп, дала жұмыстарына әзір етілді.

қарағанда, 1952 жылы 30 процент артық сатып алды.

Чехословакия шахтерлерінің табысы

ПРАГА, 3 апрель, (СОТА). Бірінші май қарсаңындағы социалистік жарыста Чехословакия шахтерлері үлкен табыстарға ие болды. Елдің ең ірі көмер бассейндері март жоспарын орындады. «Руде право» газеті Чехословакиядағы ең ірі Островско. Карвинскі көмір бассейні көмір өндірудің март жоспарын орындағандығын хабарлады. Орлов және Острава-Юг көмірлі аудандар жоспардан тыс 25 мың тонна көмір берген.

Словакияның шахтерлері көмір өндірудің жоспарын 104,2 процент орындады.



Туған елімізде



Сочи курортында

СОЧИ, 2 апрель. (СОТА). Сочиде қазір көктем. Ағаштар мен бұталар жапырақ шашты. Курорттың қош иесті гүл шаруашылығы кеңейілуде. Апрель және май айларында бір миллионнан астам көктем гүлдері егілетін болады.

Быйылғы жылы Сочи-Мацестинск курортында 200 мыңнан астам еңбекшілер дем алатын болады. Курорттың емделетін орындарында кәзірдің өзінде-ақ халық көп.

Курортты кеңейту және қайтадан салу жұмысына үкмет көп қаражат босатып отыр. Курорт мекемелері медициналық аппараттың ең жаңа түрлерін ала бастады. Көптеген емдеу орындары емдеу және демалу корпустарын кеңейтуде. Жаңа санаторийлер ашылуда. Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің «Мацестин алкабы» деген жаңа санаторийін жабдықтау жөніндегі ақырғы жұмыстар аяқталып келеді. Ол апрельде ашылады.

КРАБТЫҢ КӨП АУЛАНУЫ

ОҢТҮСТІК САХАЛИН, 2 апрель. (СОТА). Сахалиннің батыс жағалауында краб аулаудың көктемгі маусымы басталды.

Чехов комбинатының акваторияларында крабтың жыйналуы өте көбейген. Мұнда күн сайын осы теңіз айуанатының 5-6 мыңын ұстайды.

А. Ковенков, Г. Кривобоков, А. Духновский сыяқты мастерлер бастаған кемелердің командалары краб аулауды ойдағыдай жүргізіп, тапсырманы 300-312 процент орындауда.



МОСКВА. Үлкен Садовая көшесі.

(СОТА-ның фотохроникасынан).

И. В. Сталиннің данышпандық еңбегіне арналған ғылыми сессия

ЛЕНИНГРАД, 2 апрель. (СОТА). Бүгін СОКП Ленинград облыстық комитетінің жанындағы партия мектебінде И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегіне арналған ғылыми сессия аяқталды.

Ғылыми сессияның мәжілісі жеті күнге

созылды. Оның жұмысына қаланың партия қызметкерлері, мектептің оқытушылары мен тыңдаушылары қатысты. Философия мен саяси экономияның мәселелеріне арнаулы 5 баяндама оқылды. Кафедралардың ашық мәжілістерінде баяндамалар талқыланып отырылды.

Жас оқытушылар

Москвада, Ленинградта, Горькийде және РСФСР-дің басқа да қалаларында быйылғы жылы педагогикалық оқу орындарын бітіріп шығатын жас мамандарды бөлу жөніндегі комиссиялар өзінің жұмысына кірісті.

Жаңа оқу жылы басталғанға дейін Москваның В. И. Ленин атындағы мемлекеттік педагогикалық институты және Ленинградтың А. И. Герцен атындағы педагогикалық институты әрқайсысы бір мың оқытушы даярлап береді. Новосибирск, Молотов, Якутск және басқа педагогикалық оқытушылар институттарын бітірушілер еліміздің қалалары мен селоларына оқытушылық қызметке барады.

1952—1953 оқу жылында РСФСР-дың Оқу министрлігіне қарайтын педагогикалық училищелер, педагогикалық және оқытушылар институттары бастауыш, жетіжылдық және орта мектептерге барлығы 64 мыңнан астам оқытушылар жіберетін болады.

ЕКІ ЖӨНДЕУ АРАЛЫҒЫНДА 672 РЕТ БОЛАТ БАЛҚИТУ

ЗЛАТОУСТ, 3 апрель. (СОТА). Златоуст металлургия заводының болат балқытушылары Бірінші майды лайықты қарсы алу үшін өзара жарысуда. Бірінші марген цехының болат балқытушылары Козлов, Стругов және Қалмыков жолдастар мартен пешімен 672 рет болат балқытып, Запорожье болат балқытушыларының табысынан үздік шықты.

В. И. Лениннің „Жастар одақтарының міндеттері“ деген еңбегі қазақ тілінде басылып шықты

Қазақ мемлекеттік баспасы В. И. Лениннің «Жастар одақтарының міндеттері» деген еңбегін қазақ тілінде жеке кітапша

етіп басып шығарды.

Кітапшаның тиражы 35 мың дана. (ҚАЗТАҒ).

В. И. Лениннің „Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде“ деген еңбегі қазақ тілінде басылып шықты

Қазақ мемлекеттік баспасы В. И. Лениннің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» деген еңбегін қазақ ті-

лінде жеке кітапша етіп басып шығарды.

Кітапшаның тиражы 35 мың дана. (ҚАЗТАҒ).

М. Сабуровтың „Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары“ деген баяндамасы қазақ тілінде екінші рет басылып шықты

Қазақ мемлекеттік баспасы М. Сабуровтың «Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары» деген баяндамасын

жеке кітапша етіп екінші рет басып шығарды.

Кітапшаның тиражы 50 мың дана. (ҚАЗТАҒ).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Идеологиялық жұмысты бағаламай отыр

Партияның XIX съезі идеологиялық жұмысты партияның ең бірінші дәрежелі міндеті етіп қойды, бұл жұмысты жете бағаламау партия мен мемлекет мүдделеріне ойсыраған зиян келтіретіндігін ерекше ескертті. Съезд қабылдаған СОКП-ның жаңа Уставы бастауыш партия ұйымының идеологиялық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі міндеттерін белгілеп берді. Ол міндеттер — партияның ұрандары мен қарарларын жүзеге асыру жөнінде бұқараның арасында үгіт және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу, төменгі баспасөзге басшылықты қамтамасыз ету, партия мүшелері мен кандидаттарының саяси оқуын ұйымдастыру және олардың марксизм-ленинизм жөнінен білім алуын бақылап отыру болып табылады. Партия Уставының талаптарын бұлжытпай орындау әрбір коммунист пен партия ұйымының ең жоғарғы борышы екені мәлім.

Алайда, Чапаев атындағы колхоз (Октябрь ауданы) партия ұйымы, оның секретары Әлімжанов жолдас идеологиялық жұмысты бағаламайды, коммунистердің саяси білімін көтеру, колхозшыларды коммунистік рухта тәрбиелеу мәселелеріне көңіл қарайды. Тек осының салдарынан аталған колхозда соңғы кезде идеологиялық жұмыстың жайы мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Пікірімізді дәлелдеу үшін фактілерге тоқталайық.

Жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік кезінде колхоз партия ұйымы саяси үгіт мәселесіне біраз назар аударған болды. Бұл кезде коммунистер мен ауылдағы интеллигенттер өсебінен құрамында 18 адам бар үгітшілер коллективі ұйымдастырылды. Бірақ, не пайда, Әлімжанов жолдас үгітшілер тобының құрамын тағайындаумен ғана қанағаттанып, оның жұмысына басшылық және бақылау жұмысын салақастыты, үгітшілердің кеңесі өткізіліп, олардың жұмыстары жыйнақталмады. Сондықтан сайлау науқанының қызу кезінің өзінде де үгіт-бұқаралық жұмыстың жайында ешбір айтарлықтай өзгеріс болмады. Үгітшілердің бірін-сараңы ғана (Нұрғазин, Мәженов жолдас) сайлаушылармен небары 3—4 рет әңгіме өткізді. Ал, қалғандары өз үздіктері бір-екі рет аралып, сайлаушылардың тізімін алумен ғана борыштарын «өтеді». Осының өзіне төзімді жасаған Әлімжанов жолдас сайлау науқаны өткен соң үгіт-бұқаралық жұмысты мүлдем естен шығарды.

Бәзір колхозшы шаруалар ССРО-ның ішкі және халықаралық жағдайын үнемі

басқа интеллигенттер көптеп саналады. Бірақ, бұлардың біре-бірі колхозшы шаруалар арасында саяси және ғылыми тақырыптарда баяндама жасау, лекция оқу ісін қамтылмай отыр.

Колхозшы шаруаларды коммунистік рухта тәрбиелеуде, өндіріс озаттарының тәжірибелерін насихаттауда төменгі баспасөз зор роль атқарады. Осылай бола тұрса да, өткен жылдың ноябрь айынан бері «Еңбек» атты қабырға газетінің біре-бір нөмірі шығарылған жоқ. Газеттің редакторы Б. Дайыров пен Әлімжанов жолдас-тардың ойынша, қабырға газетінің жұмысын ұйымдастыру, тіпті оны аз дегенде айында бір рет шығару артық жұмыс сияқты көрінеді.

Оқу үйі Тұрғыновтың жауапсыздығы мен салақтығынан (бұрынғы меңгерушісі) ұзақ уақыт жұмыс істемей, жабық тұрды. Өткен февраль айында Тұрғынов қызметінен босатылды, оның орнына Садуақасов жолдас белгіленді. Бірақ, мұнымен оқу үйінің жұмысында әзірге ешқандай өзгеріс болған жоқ. Өйткені, Садуақасов жолдас оқу үйінің жұмысын ұйымдастыруда тәжірибесі жетім. Ал, аудандық мәдени-ағарту бөлімі оған қажетті көмек көрсетуді ойлайтын көрінбейді.

Осы сияқты, партия оқуын ұйымдастыруда да елеулі кемшіліктерге жол беріліп отыр. Мұнда партия оқуы жүйесінде екі үйірме жұмыс істейді. Б. Дайыров жолдас насихатшы болып істейтін үйірмеде январь айында түрлі «себептермен» бірде-бір сабақ өтпеді, соңғы кезде үйірмеде шебары үш-төрт-ақ рет сабақ өтті. Екінші үйірменің жұмысы да мақтаулы емес. Мұнда да сабақтың кезінде өтпей қалуы сияқты фактілер жиі кездеседі.

Колхоз председателі Атымтаев және партия ұйымының секретары Әлімжанов жолдас-тар сын мен өзара сынды құрмет-төмейді. Колхозшылардың жыйналыста-рында, сондай-ақ партия жыйналысында аталған жолдас-тардың басшылық етілі-ндегі кемшіліктері арқашан сынға алынып келеді. Бірақ, олар орынды сынан тиісті қорытынды шығармай жүр.

Бірмәсел: қой фермасының меңгерушісі коммунист Тыйыштыбаевтың жұмыста-ры жауапсыздығы көптен бері сөз болып келеді. Ол өткен жылы 850 саулықтан небары 80-ақ қозы өсірді. Бұл кемшілік-тер бйыл та қайталануда. Осыған қара-мастан колхоздың соңғы есеп беру-сайлау жыйналысында Тыйыштыбаев колхоз басқармасының мүшелігіне ұсынылды. Мұндай қабілетсіз адамның басшы қызмет-

Мектеп көркемөнер паздарының байқауы



Оқушылардың қысқы демалысы кезінде өткізілген мектеп көркемөнер дарындыларының байқауы ойдағы-дай өтті. Байқауға барлығы бір жа-рым мыңға жуық оқушы қатысты.

Байқауға қатысушылар орындаған шығармалардың көпшілігінің идеялық дәрежесі жоғары, заманымызды, ұлы Отанымыз бен партиямызды мақтап ететін шығармалар. Жас буындар партияны, Сталин жолдасын мақтап етіп коммунизмнің ұлы құрылыста-ры, бейбітшілік үшін күрес, еліміз-дегі бақытты және мәдениетті өмір туралы жырлады.

Болып өткен байқау мектептердегі бірқатар көркемөнер коллективтері-нің жаңа табыстарға қолы жеткенді-гін көрсетті.

«Ән күні» Ленин атындағы № 1 қыз балалар орта мектебінің хоры ашты. Олар байқауды «Жастар әнін» орындаумен бастады. Бұдан кейін «Ұлы елім» деген өлеңді орындаған құрамында 140 адамы бар № 3 қыздар мектебінің хоры көңіл-ге қонымды болды. «Сталин туралы ән» ұлы көсемнің жарқын бейнесін жыйналғандардың көз алдына елестетіп, жүрегің тебірентті. Бұл әнді 250 қыздан құралған № 4 қыздар орта мектебінің хоры айтарлықтай жақсы орындап берді.

Киров атындағы ер балалар орта мектебінің шекті аспаптар оркестрі Александровичтің «Сталин туралы кантата» деген және Книппердің «Дала кавалериясы» деген шығар-масын өте-мөте жақсы орындады.

Вера Инбердің, М. Исаковскийдің, Александр Прокопьевтың және Алек-сандр Рокинин өлеңдері бойынша № 2 жетіжылдық мектебінің оқушы қыздары «Бейбітшілік әлемде бол-сын» деген монтаж қойып берді. Монтаждағы «Бейбітшілік армиясы

Ұйымдасқан түрде көркемөнер оқу-да № 3 жетіжылдық мектептің бірінші класс оқушылары ерекше көзге түсті.

Калинин атындағы № 5 қазақ ор-та мектебінің көркемөнерпаздары байқауға 20-дан астам номер дайындаған. Жаңада ұйымдастырылған домбыра оркестрі халық күйлері мен совет композиторларының шығарма-ларын шеберлікпен орындады. Оқу-шы Калиматованың орындауындағы «Ләйлім», Қожамұратованың орында-уындағы «Паровоз» әндері жыйнал-ғандарға күшті әсер етті. 10-класс оқушысы Түскеев «Жалғыз арша ны», одан кейін баянда бірнеше күй-лер жыйнағын орындады. Мектеп көркемөнерпаздары домбыра оркест-рінің басқаруымен «Айжан қыз» биін биледі.

Пионерлер үйінің коллективі көп-теген номерді орындады. «Редакцияға хат» деген Любимовтың бір пәр-делі пьесасын жыйналғандар сүйсіне көрді. Шекті аспаптар оркестрі хор үйірмесімен бірге «Сталин бізді ком-мунизмге алып барады» және бүкіл дүниежүзінің демократияшыл жас-тарының Гимнін орындады.

Пионерлер үйінің ең жас бишіле-рінің орындаған «Мектеп вальсі» біі өте жақсы шыққандығын атап өтуге болады.

Байқауда орта мектептер ішінен хор бойынша бірінші орынды № 3 және № 4 қыз балалар мектептері өзара бөлісіп алды. Физкультуралық номерлерді орындаудан № 3 орта мектеп бірінші орынға, № 4 орта мек-теп екінші орынға ие болды. Би бойынша бірінші орынды № 46 мектеп-тің бишілері, ал, екінші орынды қа-зақ орта мектебі мен № 1 қыздар орта мектебінің бишілері бөлісіп ал-ды.

ССРО Ішкі істер министрлігінің ХАБАРЫ

Зиянкестік, шпиондық әрекеттер және совет мемлекетінің белсенді қайраткерлері жөнінде террорлық әрекеттер жасалы деп айыпталған бір топ дәрігерлердің ісі жөніндегі алдын-ала тергеудің барлық материалдарын және басқа мәліметтерін ССРО Ішкі істер министрлігі жете тексерді.

Тексеру нәтижесінде мынау анықталды: бұл іс бойынша жауапқа тартылған профессор М. С. Вовсиді, профессор В. Н. Виноградовты, профессор М. Б. Коганды, профессор Б. Б. Коганды, профессор Н. И. Егоровты, профессор А. И. Фельдманды, профессор Я. Г. Эттингерді, профессор В. Х. Василенконы, профессор А. М. Гринштейнді, профессор В. Ф. Зеленинді, профессор Б. С. Преображенскийді, профессор Н. А. Попованы, профессор В. В. Закусовты, профессор Н. А. Шерешевскийді, дәрігер Г. И. Майоровты ССРО-ның бұрынғы Мемлекеттік хауіпсіздік министрлігі теріс, ешқандай заңды негізсіз тұтқынға алған.

Тексеру жоғарыда аталған адамдарға таңылаған айыптардың жалған екендігін, ал, тергеу қызметкерлері сүйенген доку-ментті мәліметтердің дәлелсіз екендігін

көрсетті. Тұтқынға алынғандарға таңыла-ған айыптарды растайды-мыс деген олардың жауаптарын бұрынғы Мемлекет-тік хауіпсіздік министрлігінің тергеу бө-лімі қызметкерлерінің жол беруге болмай-тын және совет заңдары бойынша қатаң тыйым салынған тергеу тәсілдерін қолдану арқылы алғандығы анықталды.

ССРО Ішкі істер министрлігі осы істі тексеру үшін арнап бөлген тергеу коми-ссиясының қорытындысы негізінде былай істеді: тұтқынға алынған М. С. Вовси, В. Н. Виноградов, Б. Б. Коган, П. И. Егоров, А. И. Фельдман, В. Х. Василенко, А. М. Гринштейн, В. Ф. Зеленин, Б. С. Преображенский, Н. А. Попова, В. В. Закусов, Н. А. Шерешевский, Г. И. Майоров және басқа осы іс бойынша жауапқа тартылғандар зиянкесті, террорлық және шпиондық әрекет жасады деп таңылған айыптардан толық ақталды. РСФСР қыз-мысты істер жүргізу кодексінің 4-статья-сының 5-тармағына сәйкес, тұтқыннан босатылды.

Тергеуді теріс жүргізген айыпты адам-дар тұтқынға алынып, қылмыстары үшін жауапқа тартылды.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумынан

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы, дәрігер Л. Ф. Тимошукты Ленин орде-німен наградтау туралы 1953 жылғы 20

январьдағы Указ, көзіркі уақытта айқын-далған шын жағдайға байланысты, теріс-болғандықтан бұзылсын деп қаулы етті.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінде

БУДАПЕШТ, 3 апрель. (СОТА). Бей-бітшілікті жақтаушылардың бірнеше ұлт-тық ұйымдары Бүкіл дүниежүзілік Бей-бітшілік Советінің Будапеште 10 апрель-де ашылуға белгіленген сессиясын оған да гөрі кешірек мерзімге қалдыра тұруға

ұсыныс енгізді. Мұнда белгілі болып отырғанындай, Бүкіл дүниежүзілік Бейбіт-шілік Советінің басшылығы сессияны Бу-дапеште май айының екінші жартысында өткізуге қарар шығарды.

Швеция Коммунистік партиясының XVI съезі

СТОКГОЛЬМ, 3 апрель. (СОТА). Бүгін Стокгольмде Швеция Коммунистік пар-тиясының XVI съезі ашылды. Съезге 330-дан астам делегаттар қатысуда. Съез-ге келген қонақтардың ішінде — Польша, Болгария, Герман Демократиялық Рес-публикасы, Франция, Англия, Финляндия, Дания және Норвегия туысқан коммуни-стік және жұмысшы партияларының өкіл-дері бар.

Швеция Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша «Ню Даг» газетінің бас редакторы Густав Юханссон съезді аша келіп, Иосиф Висса-рионович Сталинді еске түсіруге арналған сөз сөйледі. Юханссонның сөзі съезді

Председательлік етуші Фрильоф Лагер съездің атына Совет Одағының Коммуни-стік партиясының Орталық Комитетінен құттықтау телеграмма келіп түскендігін хабарлады. Бұл хабарды съезге қатысу-шылар шын жүректен қолшапалақтау үстінде қарсы алды.

Телеграммада былай делінген:

Швеция Коммунистік партиясының XVI съезіне

Совет Одағының Коммунистік партия-сының Орталық Комитеті Швеция Комму-нистік партиясы XVI съезінің делегатта-рын шын жүректен құттықтайды.

Еңбекшілер мен елдің барлық прогрес-

бригадалары мен мад фермаларында және басқа жұмыс участяктерінде болып, онда басқаны айтығанда, партия мен үкмет башыларының И. В. Сталин жолдасты жерлеуге арналған қаралы митингінде және ССРО Жоғарғы Советінің IV сессиясында сөйлеген сөздері, сессияның қабылдаған заңдары мен қарарлары жөнінде «Дружбан газет оқып, немесе, әнгіме өткізіп жүрген бірде-бір үгітшіні көре алмайсыз.

Колхозды ауылда орта және жоғарғы дәрежелі білімдері бар оқытушылар және

Аудандық партия комитеті Чапаев атындағы колхозда идеологиялық жұмыстың жайы тәзгіз екенін жақсы біледі. Бірақ, аудандық комитет бұл фактілерді өзінің бюро мәжілістері мен пленумтарында ғана айтып, колхозды ауылда идеологиялық жұмыстың жайын жақсарту жөнінде мардымды ештеңе іетемей отыр.

Бұл жағдайға қашанға дейін шыдауға болады?

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

МАРЬЕВКА, Чапаев атындағы колхоз.

ЕҢБЕК ӨРЛЕУІ

ССРО Жоғарғы Советі IV сессиясының қарарлары колхозны шаруалар арасында зор өрлеу туғызуға.

Преснов ауданындағы Абай атындағы колхоздың колхозшылары сессияның қарарларына жауап ретінде өндірісте күндіз тапсырманы артығымен орындап, үз-

дік табыстарға жетіп жүр. Әресе, жылқышы Мұжықбаев жолдас стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп келеді. Ол жылқыларды жақсы күтімге алып, күйлі өсіріп жүр. Жылқышы үстіміздегі жылы әр биеден бір-бір құлын алып, шығынсыз өсіруге сурт беріп отыр.

Мектептерде политехникалық оқу жүзеге асырылсын

Облыстық педагогикалық оқу мен ғылыми практикалық конференциядан

Жуырда Петропавл қаласында облыстық педагогикалық оқу мен ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Бұған облысымыздың 500-ден астам мұғалімдері мен халық ағарту бөлімдерінің қызметкерлері қатысты. Олар әр пәнге байланысты бірнеше тақырыптарда баяндамалар тыңдады.

Мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының методісі Тарвис жолдас политехникалық оқудың кейбір мәселелерін облыс мектептерінде жүзеге асыру туралы баяндамасында СОКП-ның XIX съезі мектептердің алдына қойған негізгі міндеттерге тоқталды. Коммунизмнің жас құрылысшыларын әржақты даярлап, облыс мектептерінде политехникалық оқуды жүзеге асыру— халық ағарту қызметкерлерінің басты міндеті, деді ол.

Мамлют, Соколов, Булаев аудандарының кейбір мектептерінің политехникалық оқу жөнінде қол жеткен табыстары мен тәжірибелерін айта келіп, ол кейбір мектептердің әлі де политехникалық оқуды жүзеге асыруға жете көңіл бөлмей отырғанын сынға алды.

Булаев орта мектебінің директоры Тарасов жолдас политехникалық оқуды мектептің қалай жүзеге асырып жатқанын айтып, іс тәжірибелерін ортаға салды.

— Біздің мектептің оқушылары, — деді ол, — белгілі бір тақырыпты өткеннен кейін аудан орталығындағы радиоторабы-

на, электр станциясына, элеваторға тағы басқа осы сияқты орындарға экскурсияға барады. Мектепте алған теориялық білімдерінің практикада қалай пайдаланылатынын көреді.

Мектебімізде техникалық үйірмелер жұмыс істейді. Үйірмеге қатысушылардың күшімен күрделі тесла, катушка сыяқты құралдар жасалады. Схема мен кестелер жасалып, тағы басқа көптеген жұмыстар істелді. Тракторды, мотоциклді үйрену үйірмесінде оқушылар жуырда оқуды аяқтап, трактор мен мотоциклді жүргізуге право алады. Мектеп жанындағы оқу-тәжірибе участягінде қарақат, бидайық, клен сыяқты дақылдар өсіріледі. Политехникалық оқуға оқушыларды кеңінен тарту мақсатымен мектепте «Политехнизация бұрышы» ұйымдастырылды. Бұл бұрышта оқушылардың өздері дайындаған 50-ден астам құралдар мен модельдер және советтік өскелең техника мен ауыл шаруашылығының табыстарын көрсететін сурет көрмелері бар.

Бұдан кейін Чистов орта мектебіндегі политехникалық оқудың жағдайы туралы мектеп директоры Марков жолдас баяндама жасады. Ол былай деді:

— Физика-техника үйірмесінің жұмысы үшін арнаулы комната бөлініп, ол қажетті құралдармен жабдықталды. Мұнда оқушылар мұғалімнің басқаруымен тәжірибе жұмыстарын жүргізеді. Түрлі құралдар

бөрінен де күшті» деген өлең ерекше екінмен естіледі. Монтаж: «Достық әнін шықатады жас ұлан. Осынау әнді өлтіре алмас ешбір жан» деген сөздермен аяқталады.

Жеңіл машиналар сатып алуда

Облысымыздың ауылшаруашылық артельдерінің автомобиль транспорты жылдан жылға арта түсуде.

Колхоздар жүк машиналарымен бірге, жеңіл автомашиналар сатып алуда. Преснов ауданындағы Маленков атындағы колхозда бұдан бұрын 3 жүк машинасы болатын. Қазір колхоз «Москвич» жеңіл автомашинасын сатып алды.

Ленин ауданындағы Сталин атындағы, Преснов ауданындағы Молотов атындағы колхоздар да жуырда «Москвич» жеңіл автомашиналарын сатып алды.

мен модельдер істейді. Үйірмеге қатысушылар екі рет физика кешін өткізді. Кеш орыстың ұлы физиктеріне және сталиндік бесінші бесжылдықта ССРО-ны электрлендіруге арналды. Бесінші бесжылдықтың озаттары мен оқушылардың кездесу кештерін ұйымдастырып отырамыз. Оқушылар совхоздың алдыңғы қатарлы сауыншысы Барохина және бұзаушы Кондратовичардың жұмыс тәжірибелерімен танысты.

Марков жолдас осы уақытқа дейін сызу пәніне көңіл бөлінбей келгенін айтты. Политехникалық оқуды жүзеге асыруда шаруашылық орындарының мектептерге көмек көрсетуі керек екенін айта келе, ол облыстық оқу бөлімінің шаруашылық орындарының басшыларымен кеңес өткізу жөнінде шаралар белгілеумен тынып, осы уақытқа дейін оны өткізбегенін сынға алды.

Мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының директоры Калинин жолдас облыс мектептерінің методикалық жұмыстарының тәжірибелеріне тоқталды.

Мамлют орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі Рассказов жолдас физика сабағында политехникалық оқуды жүзеге асыру туралы өзінің тәжірибелерін айтып, баяндама жасады. Политехникалық оқуға зеректі оқу құралдары жетіспесе де, мектепте политехникалық оқуды жүзеге асыру жөнінде бірқатар жұмыстар істелді. Физика сабағында әр тақырыптан кейін лаборатория жұмыстарын жүргізіп отырамыз, деді ол. Мұнда оқушылар мұғалімнің басқаруымен тәжірибе жұмыстарын жүргізеді, өтілген тақырыпты толық меңгеруге мүмкіндік алады.

Қаладағы № 1 қыз балалар орта мектебінің оқу ісінің меңгерушісі Наседкина жолдас мектептің сауатты жазу және

Байдауда үздік шыққандарға бағалы сыйлықтар берілді.

СУРЕТТЕ: М. И. Калинин атындағы қазақ орта мектебінің көркем-өнер дарындыларының орындауындағы «Айжан қыз» биі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Кітап оқушылар конференциясы

Жуырда Явленка орта мектебінде оқытушы Е. Евтаева жолдасын басқаруымен М. Бубенновтың «Ақ қайың» романы бойынша кітап оқушылар конференциясы болып өтті. Оған жоғарғы класс оқушылары мен тіл пәнінен беретін мұғалімдер қатысты.

Оқушылар «Партия мен халықтың бірлігі», «Адам санасындағы капитализмнің қалдықтарымен күресу», «Романдағы Сталиннің образы» деген тақырыптар бойынша романға кең таллау жасалды.

Т. ҰМБЕТОВ.

сөйлеу мәдениетінің бірыңғай тәртібін қалай жүзеге асырып отырғанына тоқталды.

Педагогикалық оқудың секция мәжілістерінде әр пән мұғалімдерінің баяндамалары талқыланды. Секцияға қатысушы мұғалімдер тыңдаған баяндамалары жөнінде өздерінің пікірлерін айтып, тәжірибе ауыстырды.

Педагогикалық оқу мен ғылыми-практикалық конференция ұйымшылдықпен, мұғалімдердің белсенді қатысуымен өтті. Тарасов, Марков жолдасардың баяндамалары идеялық жоғары дәрежеде болып, қатысушыларға өте ұнады.

Алайда, ғылыми-практикалық конференцияға дайындалып, оны өткізуде кейбір кемшіліктер де болды. Жекелеген баяндамалардың идеялық және ғылыми дәрежесі төмен болды. Мәселен, Тарвис жолдасының баяндамасында бір айтылған пікір екінші жерде ретсіз қайталанғандықтан баяндама өте көлемді әрі тартымсыздау болып шыққан.

Облыстық педагогикалық оқу мен ғылыми-практикалық конференцияға қазақ мектептерінен небары 6 ғана баяндама түскен. Әрине, бұған облыстық оқу бөлімі мен мұғалімдердің білімін жетілдіру институты кінәлі. Ал, Ленин, Октябрь аудандарының аудандық оқу бөлімдері өз аудандарындағы мұғалімдердің педагогикалық оқу мен ғылыми-практикалық конференцияға түгел қатысуын қамтамасыз ете алмады.

Педагогикалық оқу мен ғылыми-практикалық конференцияда жақсы баяндама жазғаны үшін 33 адам облыстық оқу бөлімінің грамотасымен наградалды. Мұның ішінен 27 баяндама республикалық педагогикалық оқуға ұсынылды.

делегаттары тұрып тыңдады. Съезд И. В. Сталинді және Клемент Готвальдті бір минут үсіз тұрып еске түсірді.

Съезд төмендегі күн тәртібін бекітті:

1. Орталық Комитеттің баяндамасы — «саяси жағдай және партияның міндеттері»;
 2. Партияның ұйымдастыру жөніндегі міндеттері;
 3. Партия баспасөзі туралы;
 4. Партияның жаңа программасы — «Швецияның социализмге жету жолы»;
 5. Партияның басшы органдарын сайлау.
- Делегаттар съездің басшы органдарын бірауыздан сайлады.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 3 апрель. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері американың ағылшын интервенттеріне және жи-

тық тәуелсіздігі үшін, демократия мен социализм ісі үшін күреске топтастыруда Швеция Коммунистік партиясының табыстарға жете беруін тілейміз.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті.

Съезд делегаттары Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне жіберген жауап телеграмманы үлкен зор өрлеу үстінде қабылдады.

Мұнан кейін съезд күн тәртібіндегі бірінші мәселені талқылауға көшті. Швеция Коммунистік партиясының председатели Хильдинг Хагберг Орталық Комитеттің баяндамасын жасады.

сынманшыл әскерлерге қарсы жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді деп хабарлады.

Бүгін жау самолеттерін атқыштар дұшпанның екі самолетін атып түсірді.

Жапонияда ереуіл қозғалысы

ШАНХАЙ, 1 апрель. (СОТА). Токио радиосының хабарына қарағанда, металлургия өнеркәсібі жұмысшыларының кәсіподақ ұлттық федерациясының атқару комитеті 7 апрель күні 24 сағаттық ереуіл жариялауға қарар қабылдаған. Ал, егер компания жалақыны арттыру туралы талаптарды қабылдамайтын болса, 14 апрель күні ұзақ уақыттық ереуіл жариялауды ұйғарған.

ШАНХАЙ, 3 апрель. (СОТА). Киодо Цусин агенттігінің хабарына қарағанда, Жапонияның жеке меншікті темір жолдар және автобус компанияларының 26 кәсіп одағы жалақының арттырылуын талап етіп, бүгін ереуіл жариялаған.

Ереуілдің нәтижесінде кейбір кәсіподақ-

тар өздерінің талаптарының біразын қанағаттандыруға жетіскен. Жеке меншіктегі 5 темір жол және 5 автобус компанияларының жұмысшылары күресті ұлғайта түсуде.

Киодо Цусин агенттігінің тілшісі Митодан (Ибараки префектурасы) «Хитац» компаниясы заводтарының 23 мың 500 жұмысшылары бүгін 3 күндік ереуіл бастағандығын хабарлады. Жұмысшылар жалақының арттырылуын талап етуде. Тілші, кәсіпорындар иелерінің жалақыны 4 процент арттыру туралы ұсынысын жұмысшылардың қабылдамай тастағандығын және ереуілдің әлі болып жатқандығын атап көрсетеді.

Жапониядағы құлдар саудасы

ШАНХАЙ, 1 апрель. (СОТА). Токио радиосының хабарына қарағанда, 1952 жылы Жапонияда 1951 жылмен салыстырғанда құлдар саудасы екі есеге жуық өскен. Мемлекеттік полиция басқармасының мәліметтеріне сәйкес, өткен жылы Жапонияда құлдар саудасы 11 мың 200

рет болғандығы тіркелген. Құлдар саудасын жүргізу жөнінде айыпталып тұтқындалған адамдардың саны 6 мың 700 ге жеткен.

Редактор Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын «АННА КАРЕНИНА»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын «БІРІНШІ БАЛ»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

Касса сағат 3-тен бастап ашық.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор— 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.